

IV. Ой қозғау. Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500 — ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады? Біз олардың қаншасы туралы білеміз? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласын?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Араларыңызда кейбіреулерің ендігі қандай маман иесі болатыныңызды, қандай бағытта, оқу орнында оқитыныңызды анықтаған шығарсыз және де өздеріңнің болашақ кәсіби қызметтеріңді жақсы білетін де шығарсыз. Дегенмен де өз таңдауыңды тағы бір тексерген артық етпейді, таңдаған мамандығыңыз шындығында өзіңізді жетілдіруге мүмкіндік бере ме, сол жөнінде ойлануға кеш емес. Жаман мамандық жоқ. Мамандықтың бәрі жақсы. Мамандық — қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Мамандық дегеніміз не? Кәсіп, Сүйікті іс, Шығармашылық, Қызығушылық, Еңбек көзі

V. Пікір бөлісу. Сыныпта кім қандай мамандық иесі болғысы келеді

Мамандық таңдау — тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Сондай — ақ өз мамандығының 10 — 20 жылға дейін өз сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі.

VI. Мамандық таңдауға кім және қандай жағдайлар әсер етеді?

Ø ата — ананың ақылы

Ø достарыңның ақылы

Ø мұғалімнің ақылы

Ø қазіргі кездегі сол мамандықтың беделі

Ø дарының, мүмкіндігің, қабілетің

Ø жақын аймақтағы оқу орнының болуы

Ø жалақысының көп болуы

VII. Жаңа ақпарат.

Мамандық таңдауда мынадай бір формула бар:

«ҮЙРЕНГІМ КЕЛЕДІ – ҮЙРЕНЕ АЛАМЫН – ҮЙРЕНУ КЕРЕК».

ҮЙРЕНГІМ КЕЛЕДІ – бұл талап — тілектің, мақсат пен мүдденің, ынта мен ықыластың кеңістігі;

ҮЙРЕНЕ АЛАМЫН – қабілет — қарымның, таланттың, денсаулықтың кеңістігі;

ҮЙРЕНУ КЕРЕК – еңбек рыногындағы сұраныстардың, аймақтағы әлеуметтік — экономикалық проблемалардың, әлемдік экономикалық даму тенденцияларының кеңістігі.

Кәсіп осы үш дөңгелектің тоғысу нүктесі арқылы оңтайлы таңдалады.

VIII. Постер қорғау

1- топ. Мамандықтар саласы және оның маңызы.

2- топ. Мамандықтың жетістіктері мен қиын тұстары

(«Екі жұлдыз, бір тілек» қарсылас топтар жұмыстарын бағалау)

Сергіту сәті

IX. Ой бөлісу

Өзің келіспейтін тұжырымдарды таңдап алып, ойыңды дәлелде

1. Мамандық бір — ақ рет біржола таңдалады
2. Мамандық таңдау қалтаның қалың болуына байланысты
3. Отбасы және достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады
4. Қартайғанда да мамандық таңдауға болады
5. Жақсы білім алу үшін қымбат оқу орнына түсу керек
6. Мамандық таңдау – күн көріс қамы

Қазіргі заманғы жоғары білімі бар маманға қандай талаптар қойылады?

Жауаптар:

- Компьютерді білу;
- Бірнеше тілді, ағылшын тілін білу.
- Адамдармен қарым-қатынас жасай білу.
- Өз тауарын, қызметін өткізе білу.

- Тез шешім қабылдап, бастамашылық жасау.

- Үнемі білім алуға, қайта оқуға бейімділік.

Х.Жұмбақ жан- бізге хат жолдапты .

Мен мектеп өмірінде бастауыш сыныптардың өзінде- ақ өнер адамдарына еліктеп, солардай болсам ғой деген арманмен өмір сүрдім. Өсе келе өнерге деген қызығушылығым артпаса кеміген жоқ. Сол себепті домбыра, ән-би өнерлеріне қатысып, көптеген елеулі жетістікке жеттім. Өнер десе ішкен асымды жерге қойып, өнер адамдарын пір тұттым. «Өнерліге өріс кең», - дегендей ең бірінші ұстанған бағытым өнер әлеміне қанат қағу, өрлеп ұшу , алтын ұя мектебімді бітіріп, қазақ киносына үлес қоссам, сол арқылы қазақ халқының бай- салт- дәстүрін, мінез- құлқын өнерін, білімін бүкіл әлемге паш етсем деген арманым желге ұшты. Он бірінші сыныптың соңғы айларында ата-анам менің аялаған арманыма су септі. Сені біз заң мамандығына оқуға түсіруге келісіп келдік , сен болашақ заңгер болып биіктерге отырасың , айлық жалақың да көп болады, ішкенің алдында, ішпегенің артында болады , деп- менің пікіріммен санаспай оқуға түсірді. Ата- ана сөзін аттап кете алмай , оқуға еш қиындықсыз түстім.

Бүгінгі таңда заң факультетінің бірінші курс студентімін. Студенттік күндердің алғашқы сәтінен бастап көптеген қиындыққа кезігіп, ұстаздар тарапынан қатаң ескерту алып жүрмін. Бұл мамандыққа деген қызығушылық мүлде жоқ, ата-анамның әлі үйреніп, кетесің деген алдамшы сөзі құлағымнан кетер емес. Мен бұл заңгер мамандығын бітіріп шыққанның өзінде менен жақсы, білгір маман иесі шықпас. Менің қолымнан қаншама жазықсыз жандардың тағдыры қиылмасына кім кепіл. Олай дейтінім, сессия, емтиханның барлығын әкем шешіп қойғандай.

Осы уақыт ішінде өнерге деген қызығушылығым артпаса кеміген жоқ, қалада өнер адамдарымен кездесу жиі өтіп тұрады екен, бұны көре тұра жаңадан өмір бастап , өнерге бет бұрғым келеді . Әлі де кеш емес – ау деп ойлаймын. Мен өзім қалаған мамандықтың соңына түсе алмай тұңғыыққа батып бара жатқандаймын. Мені қойшы , мені ойлантатын басты мәселе Қазақстанның түкпір- түкпірінде менің тағдырым сияқты өзге балалардың өмірі ойлантады. Менің жіберген қателігімді ешкім, еш жерде қайталамаса екен, олай болған жағдайда еліміздің болашағына балта шабылар. Менің осы хатымды оқып ақыл-кеңес беріңіздерші!

- Жұмбақ жанға не айтар едіңдер?

- Өздеріңнің араларында ата-ананың ықпалымен мамандық таңдағандар бар ма?

Сұрақ- жауап :

1. топқа сұрақ :Әлі де өткен іске өкінбей өзім қалаған мамандық иесі бола аламын ба?

2. топқа сұрақ : Адам бірнеше мамандықты меңгерсе, оның өмірі қандай болады деп ойлайсыздар?

XI. Тестік тапсырмалар:

Ең ақшасы көп мамандық қандай?

а/еден жуушы; ә/мал дәрігері, орманшы; б/ бухгалтер, экономист

Ең “жасыл” мамандық қандай?

а/ мұғалім, дәрігер; ә/ эколог, бағбан; б/ мұнайшы, ұшқыш

Ең “тәтті” мамандық қандай?

а/ аспаз, кондитер; ә/ сот, заңгер; б/ шахтер, ғарышкер

Ең “күлкілі” мамандық қандай?

а/ журналист, зергер; ә/ клоун, крикатурашы; б/ ғарышкер, ұшқыш

Ең жауапты мамандық қандай?

а/ сот, бухгалтер; ә/ әнші, биші; б/ ұста, шебер

Ең салмақты мамандық қандай?

Клоун, әзілкеш; ә/мұғалім, заңгер; б/ аспаз, кондитер

Ең қарым-қатынасы күшті мамандық қандай?

а/ мұнайшы, орманшы; ә/ бағбан, дихан; б/ бизнесмен, кәсіпкер XII.

Психологиялық сәт: «Психогеометрия»- өзін - өзі тану: Оқушылар өзіне ұнаған геометриялық фигуралардың кез - келгенін таңдауы тиіс. Әр фигура қандай да бір адам бойындағы қасиетті, қабілетті білдіреді. Әрқайсысымыз өзімізді танып көрелік. Квадрат. Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбеккерлік дамыған. Өз айналана адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетін баршылық. Сенен үздікадминистратор шығады Зигзаг. Сенде әсемдікті көре білу қабілетін жоғары қалыптасқан, сондай - ақ шығармашылық қабілетін, ой - өрісін дамыған. Сенде табиғи өткіройлылық бар, өз айналана қабілетті адамдарды жинай аласың. Сені шаблондар, ережелер, нұсқаулар қызықтырмайды. Бастаған істі аяқтауға төзімділіктің жоктығы бөгет жасайды. Шеңбер. Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріптесінді тыңдай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөлісесің, басқаның ауарпатылығына жәрдемдесу қабілетін жоғары қалыптасқан. Саған жеке

адамдар арасындағы кикілжіңдер тән емес, өзіңді олардан аулақ ұстайсың Сенен үздік психолог шығуы мүмкін. Үшбұрыш. Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныннан шықпайсың, абыройлысың. Сен қоғамда, өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізесің, жұмысында жоғарыға көтерілуге бейімділігің бар. XIII. Дәйексөз.

Көк жүзіне алаулы, Міндет емес ай болу. Ең бастысы қалаулы, Кәсібіңе сай болу!- Ж. Аймауытов «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ, мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен

өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» десек, егеменді еліміздің ертеңі — маман иелері болуларыңызға тілектестігімді білдіремін!

Бекіту сұрақтары:

- Осы күннен не алдыңыз?
- Өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз?

Қорытынды: Мамандық таңдаудың 7 қадамы. Еңбек етсем, ертеңгі - бақытыма сенемін. Мақсатыма жеткізер - уақытыма сенемін. Достық іспен қасты да - жөнеріме сенемін. Ақыл, сана білім мен - өнеріме сенемін. Арым - таза, ақ көңіл - адалдыққа сенемін. Абыройлы, ақ ниет - адамдыққа сенемін!- дегендей қандай маман иесі болсақ та, ел болашағын ойлайтын халқына абыройлы қызмет ететін адам болайық! Барлығы бірге: «Елдің ертеңі біздің қолымызда» «Адам өз өмірінде екі нәрсені таңдауда қателеспеуі керек: біреуі – жар таңдау, екіншісі – мамандық таңдау» деп М. Мақатаев атамыз айтқандай, мамандық таңдау – жасөспірім кездегі адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Бүгін біздер өз қабілеттерімізге қарай мамандық пен бағдар таңдауда алғышарт жасадық. Бүгінгі сабақ сіздердің болашақта қай бағдарда оқитындарыңызды, өз қызығушылықтарың мен қабілеттеріңе сәйкес келетін мамандықты анықтауға, кейбіреулеріңізге өз таңдауларыңызды жасауға үлкен септігі тиді деп ойлаймын. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан өздерің сияқты жас мемлекет, сондықтан біздің болашағымыз да жастар”, - деп тегіннен-тегін айтқан жоқ. Мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңгі жас ұрпақтың еншісінде болғандықтан сендер сауатты, білімді, бәсекеге қабілетті болуларың үшін өз мамандықтарыңды дұрыс таңдап, дұрыс игеріп өмірден өз орындарыңды дұрыс таба білулерің керек!

Көк жүзіне алаулы, Міндет емес ай болу. Ең бастысы қалаулы, Кәсібіңе сай болу! Ж. Аймауытов айтқандай Жүректен-жүрекке. Жүрек жарды тілектерін білдіреді. Мына менің қолымдағы сиқырлы гүл, яғни бұл гүлге жақсы тілектер сыйласаныз олда сізге өз жүрек жылы сөздерін тілейді. Ендеше барлығымыз бір-бірімізге жақсы тілектер тілейік. Мен қазір мына гүлді сол жақтағы оқушыға өз жақсы тілегімді айтып беремін, сол жағыма беруімнің себебі, адам баласының жүрегі сол жағында болғандықтан мен өзімнің жүрек жылы сөзім және тілегімді білдіремін. Ойын жалғасады.

Қопа орта мектебі

***«Мамандықтар әлеміне жол
ашамыз».***

Өткізгендер: *Набиева. П , Есболай.К*

Сыныбы: 9

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін:  Ж.Отарова

Күні: 12.04.2024ж.

Тәрбие сағатының тақырыбы: Мамандықтар әлеміне жол ашамыз .

Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту; оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз - өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру; мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

Көрнекілік: мамандық туралы суреттер, мамандық аттары жазылған карточка, плакат, слайд көрсету.

Сабак барысы: I. Шаттық шеңбері. II. Тренинг «Мамандық магазині»

Жұмысымды бастамас бұрын барлығымыз шаттық шеңберге жиналып, “Мамандық магазині” атты тренинг өткізейік . бұл жерде магазинді дүкен деп ойлап қалмаңыздар, магазин- мылтықтың оқшантайы, осы сияқты қазір кез — келген оқушыға бір мамандықты атаймын , келесі оқушы жаңағы айтылған мамандықтың соңғы әрпінен басталатын кәсіпті атайды.

Мысалы: Мұғалім — механик — кондитер т. Б, осылайша мылтықтың магазиніндей тоқтамастан мамандық атауларын шатаспай айналдырамыз

III.Топқа бөлу кезеңі

«Бұл кім» тренингі

Қалай ойлайсындар, бұларды не біріктіреді? Әр балаға суреттер беріледі, сурет бойынша 2 топқа бөлінеді.

1-Гуманитарлық бағыт,

2- жаратылыстану бағыты

Атақты ғұлама Әл – Фараби :

Ісім оңсын десеңіз, Сол істің маманы болыңыз. Даңқым шықсын десеңіз, Көпшіліктің адамы болыңыз,- десе

«Мамандықты дұрыс таңдау — ол өмір жолының сәттілігінің негізі» психолог Эвальд Фридрихович Зеер